

Сұнқар салумен аңшылық құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 7 қыркүйек N 1354

"Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 969 Р000969_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шейх Бутти Мақтый Бин Жұма Әл Мақтымға (Біріккен Араб Әмірліктері) 2000 жылғы 15 қыркүйектен 31 қазанға дейін Оңтүстік Қазақстан облысының Шардара ауданында ез сұнқарларын салумен 50 дуадақ аулауына рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасындағы СИТЕС-тің әкімшілік органы - Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, сұнқар салу үшін елге жыртқыш құстар әкелуді және одан әкетуді Жоғалу қаупі төнген жабайы жануарлар және өсімдіктер түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның рәсімдерін сақтай отырып, жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны

қорғау министрлігі сұнқар салу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 969 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ереженің орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК